

2011 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № А-12/473 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 5 қаңтарда № 1-12-140 тікелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 10 маусымдағы № 04-350 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 10.06.2013 № 04-350 хатымен).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2011 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

белгіленсін:

- 1) 21 жастан 24 жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт жұмыс істемеген (бір жылдан көп) азаматтар;
- 3) мигранттар;
- 4) 2010 жылы Жол картасы аясындағы инвестициялық жобасынан босатылған жұмыссыздар;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бітірушілері.

2. Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің «2010 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» 2010 жылғы 27 мамырдағы № А-5/132 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1-12-128 тіркелген, 2010 жылдың 25 маусымында аудандық «Целинное знамя» газетінде жарияланған), «Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 мамырдағы № А-5/132 «2010 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» қаулысына толықтыру енгізу туралы» 2010 жылғы 8 шілдедегі № А-7/188 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1-12-131 тіркелген, 2010 жылдың 13 тамызында аудандық «Целинное знамя» газетінде жарияланған) қаулыларының күштері жойылған болып танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Ұ. А. А х м е т о в а ғ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А.Қалжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК